

ӘОЖ 94(4/9)

Д.К. Туркпенова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
шығыстану факультетінің магистранты  
E-mail: sleibl@mail.ru

### Орталық Азиядағы геосаяси жағдай және Қытай

Берілген мақалада Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдерімен негізгі геосаяси мүдделері, елдермен көпжақты қатынастары, идеологиядағы, қоғамдық құрылыстағы, экономикалық даму деңгейіндегі, дәстүрлердегі, мәдениеттегі айырмашылықтарға қарамастан елдер арасындағы жан-жақты байланыстардың қалыптасуы қарастырылады. Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастардағы құжаттардан көрінетін жаңа қатынастардың бұл принципі осы елдердің мүдделеріне сай келіп, мемлекетаралық байланыстардың жалпыға бірдей халықаралық нормаларын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** қатынастар, байланыстар, энергоресурстар, энергетикалық байланыстар, инвестиция, ынтымақтастық.

Turkpenova D.K.

#### Geopolitical situation in Central Asia and China

This article discusses the problem of the relationship of the Chinese National Republic and countries of Central Asia. China's interests in relation to the countries of Central Asia in geopolitical, economic, cultural, etc.. Development of China's relationships in petroleum and other natural resources, the formation of appropriate transport infrastructure for export in the Chinese direction of industrial raw materials, as well as the increase in imports considered state of industrial goods and services.

**Keywords:** relations, communications, energy, energy relations, investment and cooperation.

Туркпенова Д.К.

#### Геополитическое положение Центральной Азии и Китая

В данной статье рассматриваются проблемы взаимоотношений Китайской Национальной Республики и стран Центральной Азии. Геополитические, экономические, культурные и т.д. интересы КНР по отношению к странам Центральной Азии. Освоения Китая углеводородных и других сырьевых ресурсов, формирования соответствующей транспортной инфраструктуры по обеспечению экспорта в китайском направлении промышленного сырья, а также увеличения импорта в рассматриваемые государства промышленных товаров и услуг.

**Ключевые слова:** отношения, связь, энергоресурсы, энергетические связи, инвестиция, сотрудничество.

Кеңес Одағы ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуымен Орталық Азия мемлекеттері мен ҚХР арасындағы жан-жақты қатынастардың дамуының жаңа кезеңі басталды. Өте қысқа тарихи кезеңде мемлекет басшыларының біріккен әрекеттерінің арқасында Қытай-Кеңес қатынастарынан Қытай-Орталық Азия қатынастарына өтуі сәтті жүргізіліп келеді. Елдер арасындағы достық, тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастық үздіксіз дамуда және ХХІ ғасырға

бағытталған тығыз серіктестік қатынастар қалыптасып отыр. Орталық Азия мемлекеттері тоталитарлық жүйе құрсауынан босап, тарихи әділеттілік жүргізген уақыт қайта орнады және Орталық Азия мемлекеттері халықаралық сахнада өз тағдырларын өздері шешуге мүмкіндік алды, бұрынғы бағыныштылық, тәуелділік қатынастардың орнына кез келген тәуелсіз мемлекетпен байланыстар орнатуға мүмкіндік алды.

Осылайша, ҚХР-мен де бейбіт қатар өмір

сүрудің бес принципіне сүйене отырып, сенімділік, тату көршілік және достық байланыстар орнатқан. Орталық Азияның Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан сияқты 60 миллионнан астам халқы бар мемлекеттер Қытайға жақын көрші болып келеді. Азияның бес жаңа мемлекетінің үшеуінің (Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан) 3 700 шақырым болатын Қытаймен ортақ шекарасы бар. Кеңес Одағы ыдыраған соң Орталық Азия аймағында ҚХР үшін қолайлы жағдай туды. Орталық Азия Ресейдің бақылауынан шығып, Қытай және басқа елдер үшін ашық болды.

Жаңа сипаттағы мемлекетаралық қатынастар, бүгін де әлем халықтарының даму жолын еркін таңдау құқығына және көпполярлы әлемде өз эволюциялық моделін қалыптастыруға ұмтылуда.

Идеологиядағы, қоғамдық құрылыстағы, экономикалық даму деңгейіндегі, дәстүрлердегі, мәдениеттегі айырмашылықтар елдер арасындағы жан-жақты байланыстардың қалыптасуына кедергі бола алмайды. Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастардағы құжаттардан көрінетін жаңа қатынастардың бұл принципі, осы елдердің мүдделеріне сай келіп, мемлекетаралық байланыстардың жалпыға бірдей халықаралық нормаларын көрсетеді. ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастар халық-аралық құқықта бекітілген территориялық тұтастық пен егемендікті өзара құрметтеу принцип-терінен негізделді. Орталық Азия елдер үкіметтері Тайваньның Қытайдың бөлінбес бөлшегі екенін және ҚХР үкіметінің әлемде бір-тұтас заңды үкімет ретінде Тибет мәселесінде Қытай үкіметін қолдайтындығын нақты мәлімдеп отыр. Өз кезегінде Қытайдың Орталық Азия елдермен тату көршілік қатынастарын орнатып, әлемдегі өз ықпал ету аймағын құруға, күштеу саясатын жүргізуге ұмтылмайтындығын, керісінше, осы аймақтағы тұрақтылықты сақтау терроризмге, сепаратизмге, діни экстремизмге және есірткі саудасына қарсы бірлесіп күресу екендігін атап көрсетеді.

Соңғы уақытта Қытай импортының энергоресурстарға тәуелділігі өсті. Бұл тенденция соңғы он жылда сақталып отыр және де одан да өсті. Оның себебі Аспан Асты елдің ин-

дустриалды модернизациясы және урбанизация процесінің масштабы болып табылады. Бұл перспективалар Қытай үкіметінің тынышын кетіреді, оның себебі – ауданда ұзақ тұрақсыздық, экспорттайтын энергопайдаланушылар және глобалды энергетикалық геосаяси құбылмалылығы. Жарамды бағасымен алынатын сақтандырған және қалыпты энергия импорты Қытай үкіметімен мемлекеттің дамуын маңызды жағдайлармен, сонымен қатар саяси және әлеуметтік бір қалыппен де тұрақтылықпен қамтамасыз етеді. Осыған байланысты энергетика мәселесі «төменгі» дәрежеден «жоғарғы саясатты» (ұлттық қауіпсіздік саясаты) дәрежеге көтерді.

1993 жылдан Жапонияны әлемдегі ең ірі мұнай тұтынушы ретінде ығыстырғаннан кейін Қытай энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді бастады. 10 жылдан кейін ҚХР мұнай экспортында және әлемдегі негізгі аудандарына сіңірді.

Қытай Халық Республикасының үкіметтің ойынша елдің экономикалық қауіпсіздігінің маңыздылығы өте жоғары, оны тек нарықтық экономика элементтерін пайдаланып, сатып алу саясатын агрессивті түрде өткізеді. Ол саясат Қытай ұлттық компаниялар қолына түсті, алайда бұл жоғары дипломатия тек үкімет жағынан энергетикалық мәселелерді шешуге арналған, әрине, бұл саясат әлемдік халықаралық энергоресурс нарыққа, әсіресе Парсы шығынағына, ТМД елдері және кейбір Африка мемлекеттер экспорттеріне әсер етеді.

Қытайдың Орталық Азия және Ресейге экономикалық және геосаяси амал және (Каспий теңіз бассейнінде) өндірушілер арасында бірдей емес. Қытайдың Қазақстан және Түрікменстаннан Солтүстік Иранға созылған жер үсті Орталық Азия магистралі Парсы шығанағының мұнай терминалдарына Қытай-Араб магистралі арқылы шығуы деп саналады. Қытай, сонымен қатар солтүстік маршрут арқылы Сібірдің және Қиыршығыс прокетердің қатысуымен Қытай, Қазақстан және Ресей арасында көмірсутегінің тасымалдауына қосылғысы келеді.

Сол сияқты Қытай Халық Республикасында Орталық Азия және Ресеймен қосатын газ магистральдардың жобалары жатады. Осы транспортты коридор Аспан Асты елге потен-

циалды өнім шығарушылардың (Парсы шығанақ, Орталық Азия және Ресей) тіректі өнім пайдаланушы (Қытай, Жапония, Корея) мен біріктіретін паназиялық глобалды энерго-мосттың ортасына шығарады. Егер бұның бәрі үздік және жоспардағыдай жүрсе, ол Қытайдың осы ауданда геосаяси ықпалын күшейтеді.

XXI-ғасырдың басында Орталық Азия және Каспий теңіз бассейні мұнай өндіру ауданына және геосаяси бақталастық аренасына айналды.

Қытай Орталық Азия және Каспий теңізін таңдап Парсы шығанағынан тәуелділігін жойды, сонымен қатар бұл ауданнан мұнай тасымалдауы қысқа және қауіпсіз болып табылады.

Каспий теңізі батыс жағалау сызығынан Кавказбен шығыс шекарасы қалыптастырады және шығыста ең маңызды және мұнай мен газдың негізгі қорларымен бай Орталық Азиямен шекаралас.

90-жылдардың басында күмәншілдердің көбі бұл ауданды Ресейдің арқасында артта қалған мемлекеттер тобы және аудан деп санады. Алайда бүгінгі жағдай керісінше.

АҚШ-тың Энергетика департаменті ауданның мұнай қорларын 17-ден 33 млрд баррелейге дейін бағалады, бұл Катардың және АҚШ қорларының қосарлануымен тең. Болжаулар бойынша 2010 жылы бұл аудан күніне 3-тен 4,7 млн баррелейге өндірді, ал 2002 жылы ғана олар 1,6 млн баррель мұнайын алды. Аудан ОПЕКС-тен тыс нарығын қамтамасыз етіп, ауданда немесе мемлекетте көмірсутегінің тасымалдау саяси дағдарыстың пайда болуына бақталастық арқылы жояды.

Қазір Қазақстан және Қытай энергетика байланыстарын нығайтып жатыр. Қазақстан Орталық Азия және Каспий бассейнінде Қытайға ең маңызды болып табылады. Бұл қатынастардың сонау Жібек Жолынан пайда болған. 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін бір ай өтпей Қытай дипломатиялық қатынастарды орнатуға делегациясын жібереді. Сол уақыттан бастап екі елдің қатынастары жоғары дәрежеге жетіп, прогрестерге ие болды.

Қазақстанның теңіз және жағалау кенорындары 33 млрд мұнай баррелі және 3,3 трлн м<sup>3</sup> газ болып табылады. Бұл республиканы әлемдегі ірі мұнай өндірушілердің

қатарына кіргізіп, оның мұнай өндіру перспективаларын 2015 жылға 3-3,5 млн баррель күніне көтереді.

Санаулар бойынша газ 6-8 трлн м<sup>3</sup> құрайды, оның көбісі Каспий бассейнінде орналасқан, алайда әскери барлау (ВР) бойынша қорларымыз 9 млрд бар / мұнай және 1,84 трлн м<sup>3</sup> газға тең. Мемлекеттік қорлардың ең көп бөлігі батыста орналасқан, ең маңызды жер үсті кенорындары – Тенгиз және Қарашығанақ. Кейбір тұжырымдар бойынша, Каспий бүгінгі күнге әлі табылмаған мұнай кенорындарымен бай.

Қазақстан мұнай пайдаланушылар нарығы интенсивті түрде кеңейіп жатыр. Жаңа инфрақұрылымдар мұнайды Қара теңіз порты Новосібір (Тенгиз-Новосібір мұнай құбыры арқылы) және Парсы шығанақ кемежайы (Иран мұнай құбыры арқылы) тасымалдау мүмкіндіктерін нығайтты. Сонымен қатар Ресейге мұнайды Атырау-Самара мұнай құбыры мен теміржол көлігі арқылы тасымалдайды.

Соңғы онжылдықта Қазақстанға байланысты Қытайдың мүдделері Аспан Асты елін энергетикалық қауіпсіздігімен қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Ол бүгін Қазақстанға сәтті инвестицияларын құйды, Қытай алған ресурстарын геосаяси аспектілермен санасып, сырьё «шаңырағына» әкелуге тырысады.

Қазақстанмен байланыстарын нығайтудың басты себебі – Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Алайда басқа да маңызды аспектілер бар: шекара, Синьцзяндағы этникалық жағдай. 1993 жылдан бастап Астана және Пекин түрлі сферада 11 келісімге қол қойды. Бірігіп экономикалық және сауда қатынастары өзіндік жетістіктер әкелді. 2005 жылы екіжақты тауарайналымы 6,8 млрд АҚШ долларға тең болды, ол 14 жыл ішінде 16 есеге артты.

Ресейге қарағанда Қытай Қазақстанның инвестициялы климатын қолайлы деп санайды. Энергетика және минералды ресурстарының экс-министрі Бактықожа Ізмұхамбетовтің айтуынша, қазір қытай компаниялардың қолында көмірсутегі өнімнің 12%-ы жатыр. Келешекте бұл көрсеткіштер инвестициялар арқасында өседі, бірақ құбырлар тек шығыс бағытымен жүреді. Қазақстан арқылы жүретін құбырлар

Қытайды шет елдерден сақтандыру ретінде, оған ешбір ел стратегиялық жағынан бұл энергетикалық маршруттарға көздерін тастамайды, сонымен қатар батыс Жерорта теңізі және азиялық серік елдермен экономикалық және саяси байланыстар орнатады.

Халықаралық энергетикалық компаниялар құбырлардың нарыққа еркін шығу жолдарын және сауда жүйесін (транзит үшін монополия тарифтер, геосаяси тәуекелді «множественных задвижок») реттейтін құрал ретінде қарастырады. Пекин және Астана Қытай мен Каспий теңізінің байланысын құбыр жүйесімен орнатады. Осы мақсатымен Қытайдың ұлттық мұнай корпорациясы (CNPC) 2007 жылы тамызда НК «ҚазМұнайГаз»-бен Атасу-Алашанькоу құбырының ұзындығын батысқа қарай 700 км-ге артуға келісімге қол қойды.

1997 жылы CNPC Кеңқияқ және Жаңажолкен орындарының жартысына ие болып, Қытай Қазақстанның мұнай секторына көп көңіл бөліне бастады. Сол жылы CNPC 4,3 млрд АҚШ доллар үшін «Ақтөбемұнайгаз» акционері болып, Ақтөбе облысының кенорындарына қолын жеткізді. Сонымен қатар CNPC Қашаған жобасының British Gas-дың бір бөлігіне ие болуды көздеді, алайда келісімге қол қойылмады.

2005 жылы CNPC 4,14 млрд АҚШ долларға Канада компаниясы «ПетроҚазақстан» ірі шетел активі ретінде алды. Осыдан Қазақстан Республикасы CNPC-ден НК «ҚазМұнайГаз»-дан оның үштен бір бөлігін сатуға талап етті. 2006 жылдың соңына қарай CITIC Group 1,9 млрд АҚШ долларға Канадада Nations Energy Company Ltd 100% акцияларына ие болды. Онда да оның жартысы ҚазМұнайГазға беруі тиіс еді. Жоғарыда айтылған компания Қаражанбас кенорнын 2020 жылға дейін өңдеуге жоспарлайды.

Қытай-Қазақстан қатынастары барлау және өндірумен шектелмейді. 2004 жылы Ресей Ангарск(Ресей)-Дацин Қытай) мұнай құбырын салудан бас тартқаннан кейін Н. Назарбаев Пекинге ресми сапармен келгенде қытай-қазақ мұнай құбырын салу келісіміне қол қойды. Оның операторлары CNPC және ҚазМұнайГаз құрылыстың бірінші фазасы 2005 жылдың желтоқсанда аяқталып, 200 мың барр/күніне тасымалдады. Екінші фазасы

Қытай жағы толығымен қаржымен қамтамасыз етті. Мұнай құбырдың жалпы ұзындығы 2860 км, ол CNPC-ді Батыс Қазақстан (Ақтөбемен байланыстырады. Бұл жоба Қытай бағдарламасында Қазақстан мұнай байлықтарына бақылау орнатты. Оның мақсаты: бірнеше инфраструктураларын біріктіру; жаңа экспорт коридоры.

Құбыр Қазақстанды диагональ бойымен өтіп, ҚХР-дың орталық бөлігіне газды тасымалдауға да арналған. Бұны да толығымен Қытай жағы қаржымен қамтамасыз етеді.

Осыдан Қытай және Қазақстан Ресей мұнайына экспортқа байланысты энергосақтаушылардың қарсы салмағы орнатылды. Мұнай құбырына қосымша ретінде CNPC 2005 жылы тамызда 300 км газ құбырдың салуына қаржымен қамтамасыз етті. Ол арқылы толық емес Қытай газ құбырын толықтырады (Қытай батыстан шығысқа баратын) Газ құбырының маршруты әлі анықталмады, алайда екі жақта бұл құбырдан жылына 1060 млрд куб фут (30 млрд м<sup>3</sup>) алғашқы жіберу мүмкіндігі жылына 350 млрд.куб. фут болады деп келісті. Бұл жобаны орындауға екі жақ Қазақстан және Қытай үш мүмкіндікті қарайды. Бірінші нұсқау – қазіргі өзбек қалалары арқылы, Талдықорған арқылы Алашанькоуға ұзарту. Екінші нұсқау – жаңа газ құбырын құру. (Батыс Сібір) Есілді Алашанькоумен байланыстыру, Астана және Қарағанды арқылы. Үшінші нұсқау, Шалқардан (Батыс Қазақстан) және Қызылордадан Шымкентке өтетін құбырын құрып, оны Бұхара-Ташкент-Алматы құбырымен байланыстыру. Қазақстан жағы, сонымен қатар түрікмен табиғи газын тасымалдауға ұсынды. Бұл жетістіктердің бәріне қарамастан Қазақстан көрші елінің саясатына сақтық көрсетті. Бұрынғы оппозиционер М. Әуезов мысал ретінде 90-жылдардағы Қытай-Қазақстан шекара демаркациясын көрсетті, ол бойынша Қазақстан территориясының аз емес бөлігі ҚХР-ға берілді, сонымен қатар Аспан Асты еліне Қара-Ертіс өзенді, СУАР кен орындарды дамытуға пайдалану келісімді келтірді. Жақын арада Қазақстан парламенті мемлекеттің мұнай сферасында Қытайдың көп кездесуіне қарсылық білдірді. Осыған жауап ретінде Қазақстан энерго секторынан жаңа алынғандардың бәрін қамалауға ниеттенеді.

«НұрОтан» партиясының өкілі Валерий Котович Қытайдың агрессивті саясаттың республиканың тәуелсіздігіне төндіретін қауіп туралы айтты. Кейбір аналитиктердің ойынша, Қазақстан басшылығы ҚХР-ды Ресеймен келіссөз жүргізетін құрал ретінде пайдаланатыны туралы айтты.

Жоғарыда айтылған келісімдерден басқа, Қытай Түрікменстанда мұнай және газ зерттеулерін жүргізіп жатыр. Сонымен қатар өзбек және қазақ жақтарымен Қазақстан территориясы арқылы өтетін Өзбекстанға және Түрікменстанға Ресейден тәуелсіз тік жүретін газ құбырын салуға келіссөз жүргізіп жатыр. Осыдан Орталық Азияда Қытай-Ресей бақталастық бар екені нақты көрінеді.

2007 жылы мамырда Ресей Федерация президенті Владимир Путин Түрікменстан және Қазақстанмен газдың тасымалдауын 40%-ға арту үшін құбырдың құру туралы келісті. Бұл келісім АҚШ-тың Каспий теңіздің түбі арқылы Түрікменстаннан Әзірбайжанға Ресейден айналып өтетін құбырын салу жоспарларына кедергі болды. Ресей Орталық Азия газ ресурстарын өз қолына алуды көздейді. Осыдан келіп арзан бағалармен қамтамасыз етуді жақтайды. Алғашында, Шанхай бестігінің ШЫҰ-ның негізгі қызметі Орталық Азия елдерін терроризм, экстремизм және этникалық сепаратизм қауіпсіздігімен қамтамасыз ету болды. Алайда бүгін ШЫҰ-ның аудандық ұйымға айналғаннан кейін, өзінің әскери және энергетика сфералардағы қимылдарымен, оған мүше емес елдерде қауіп шақырады.

2007 жылы тамыз айындағы Бішкек саммиті ШЫҰ-ның аудандық энергетика саласында дамуының келесі сатысына көшті. Бұл жоспарын 2006 жылы президент Путин ұсынды. Мұндай келісімдерге басқа мүше елдер арасында қол қойылды. Қазақстанның президенті елдердің территориясында біріккен энергетикалық инфраструктураны құруға ұсынды. «Азиялық энергетикалық стратегия ШЫҰ энергетикалық агенттікті құрудан негізделеді, бұл агенттік осы базаның «интеллектуалды орталығы» ретінде ШЫҰ биржасы арқылы энергоресурстар нарығында экономикалық қимылдар жасау мүмкіндіктерін береді», – деп Н. Назарбаев жариялады. Оның ойынша,

ШЫҰ-ның орталық идеясы – мұнай және газ агенттігі, өйткені бұл құбырлар жүйесі Ресейді, Қазақстанды, Орталық Азияны және Қытайды байланыстырып, ШЫҰ аумағында ортақ нарығын құрайды. Владимир Путин энергетикалық институттың құруын жақтады: «Энергетика саласында мәселелерді және ұлттық энергетика стратегиясында энергетикалық агенттікті құру туралы диалогы біздің келешек қатынастарымыздың басымдылығын анықтайды», – деп белгіледі. Осыдан Иран президенті Ахмадинежад ШЫҰ энергетика министрлермен Тегеранда кездесіп, «транспорттау, жоспарлау, энергоресурстарын қайта өндіру және дамыту сфераларында оптимизацияланған қатынастар орнатуды ұсынды.

Бішкек саммитінде алғаш рет Түрікменстан лидері қатысты. Ниязов изоляциялық саяси жүйеден кейін, елдің жаңа президенті Гурбангулы Бердымухаммедов елдің саясатын біршама жеңілдетіп, экономикасын сыртқы әлеміне ашты. Жақын арада Ресей Қазақстанмен бірігіп газқұбырын салу келісіміне қол қойды. Алайда бүгінгі күнге дейін Түрікменстан ШЫҰ-ға кіруді талап етеді. Мәскеу, Пекин де оның нейтралитет позициясын жақтамайды.

Жалпы алғанда, кең байтақ Орта Азия кеңістігі табиғи ресурстарына бай аудан, географиялық орналасуына байланысты глобальды ой-пікірлердің шектесу орталығы, өзекті мәселелердің ошағы болғандықтан, жоғары экономикалық және энергетика саласында үлкен жетістіктерге жеткен Қытаймен жан-жақты қатынастар және достық көршілестіктің орнатуы қазір көпжақты атмосферада өтіп жатыр.

Қытай Орталық Азия елдермен жоғарыда айтылғандай дипломатиялық активтілігі ұлттық қауіпсіздікті сақтау деңгейде, дамып келе жатқан экономикасын, инфраструктураларын қажетті қуатпен қамтамасыз етуден тұрады. Одан шекара мәселелері шешіліп, енді елдер мұнай-газ саласында ірі жобаларды іске асырып, ынтымақтастықты жалғастыруда. Қытаймен сенімді қатынастардың орнауы Орталық Азия елдердің сыртқы саясатының аса маңызды жетістіктерінің бір болып табылады.

**Әдебиеттер**

- 1 [www.rferl.org/nca/features/2002/12/27122002160510.asp](http://www.rferl.org/nca/features/2002/12/27122002160510.asp) August 1. 2003 Radio Free Europe, Kazakhstan Cooperation Agreement With China
- 2 Песков Ю.С. «Проблемы и перспективы сотрудничества России и Китая со странами Центральной Азии - членами СНГ»// Проблемы Дальнего Востока. 1997. №3. С. 58.
- 3 Shi Ze. «Situation in Central Asia and Transcaucasia and its prospects at the threshold of the new century» // Marco Polo Magazine. No. 3, 1998. бет 44
- 4 <http://www.transcaspian.ru/cgi-bin/web.exe/rus/14006.html> Г.Д.Бессарабов, А.Д.Собянин, «Транскаспийского проекта»
- 5 Нефтегазовая вертикаль. 1999, № 2-3.
- 6 Финансово-экономический вестник нефтяной и газовой промышленности. – 2000, № 4.
- 7 Омаров Нур Мэлсович, Copyright 2000 «Континент»
- 8 ШЫҰ-ның ресми сайтының [www.sectSCO.org](http://www.sectSCO.org) және Kazakhstan Today [www.kz-today.kz](http://www.kz-today.kz)

**References**

- 1 [www.rferl.org/nca/features/2002/12/27122002160510.asp](http://www.rferl.org/nca/features/2002/12/27122002160510.asp) August 1. 2003 Radio Free Europe, Kazakhstan Cooperation Agreement With China
- 2 Peskov Y.S. «Problems and prospects of cooperation between Russia and China and Central Asian countries - members of CIS» // Problems of the Far East. 1997. Number 3. С. 58.
- 3 Shi Ze. «Situation in Central Asia and Transcaucasia and its prospects at the threshold of the new century» // Marco Polo Magazine. No. 3, 1998. бет 44
- 4 <http://www.transcaspian.ru/cgi-bin/web.exe/rus/14006.html> G.D.Bessarabov, A.D.Sobyanin, «Trans-Caspian Project»
- 5 Gas vertical. 1999, № 2-3.
- 6 Financial and Economic Bulletin of the oil and gas industry. – 2000, № 4.
- 7 Omarov Nur Melsovich, Copyright 2000 «Continent»
- 8 Official site of the SCO [www.sectSCO.org](http://www.sectSCO.org) and Kazakhstan Today [www.kz-today.kz](http://www.kz-today.kz)